



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
Депутаттары**

2022 жылғы 13 қазандағы № ДС-290 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Автожолдар сапасының нашарлығына байланысты жол-көлік оқиғаларының (бұдан әрі – ЖКО) салдарына қатысты жоғарыда көрсетілген сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

***Жаяу жүргіншілер мен жануарлардың жолдың жүру бөлігіне өтуіне жол бермеу үшін ақылы учаскелерді жол қоршауларымен орналастыруға қатысты.***

Бүгінгі күні жалпы ұзындығы 2 167 шақырым республикалық маңызы бар автожолдардың 11 ақылы учаскесі бар, олардың бойында жануарлардың жолға шығуын болдырмау мақсатында 938 шақырым торлы қоршау орнатылған.

Ағымдағы жылы жалпы ұзындығы 262 шақырым елді мекендер маңындағы аса қауіпті учаскелерде, оның ішінде «Астана-Павлодар», «Щучинск-Көкшетау» және «Шымкент-Қызылорда» ақылы учаскелерінде қоршау орнатылуда.

2023 жылы жөндеу жұмыстары аясында ақылы автожолдарда 1 150 шақырым торлы қоршау орнату жоспарлануда.

Сондай-ақ, жаяу жүргіншілердің қатысуымен болған ЖКО-ны болдырмау үшін қарқынды учаскелерде 25 жаяу жүргіншілер өткелі орнатылды, оның 8 өткелін ағымдағы жылы Алматы және Түркістан облыстарында орнату аяқталды.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің нормаларына сәйкес, халықпен және шаруа қожалықтарының иелерімен үй жануарларын жаю, жануарлардың иелеріне әкімшілік шаралар қабылау ережелерін түсіндіру бөлігінде профилактикалық жұмыстар жүргізіледі.

***Жалпыға ортақ пайдаланудағы автожолдардың санаттары бойынша талдау және мониторинг жүргізу, сондай-ақ тиісті шаралар қабылдауға қатысты.***

Қазіргі уақытта І техникалық санаттағы автожолдар учаскелерінің ұзындығы 10,4 мың км немесе жалпыға ортақ пайдаланылатын автожолдардың жалпы ұзындығының 11% (94,8 мың км) құрайды.

Техникалық параметрлер бойынша авариялық учаскелерді жою мақсатында соңғы 10 жылда ІІІ санаттан І техникалық санатқа ауыстыра отырып, 3 мың шақырымға жуық автожол реконструкцияланды, бұл қарама-қарсы соқтығыс бойынша ЖКО санын 10% дейін азайтты.

Негізгі транзиттік дәліздерді реконструкциялау аясында автожолдарды ІІІ санаттан І техникалық санатқа ауыстыру жұмыстары жалғасуда. Мәселен, Қарағанды-Алматы, Жезқазған-Қарағанды, Атырау-Орал, Ақтөбе-Қызылорда және т.б. қалалар арасында 4 жолақты қозғалысы бар автожолдар салу жоспарланған.

***Жол белгілерін, дабыл бағандарын, бағдаршамдарды және т. б орнату бойынша жұмыстарды жүргізуге қатысты.***

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елді мекендер арқылы өтетін барлық қарқынды учаскелерде тиісті жол және ескерту белгілері орнатылған. Автожолдарды жөндеу жұмыстары аясында ЖКО тексеру және талдау қорытындысы бойынша жыл сайын жарықтандыру, көлік және жаяу жүргіншілер бағдаршамдары орнатылады.

*Анықтама: Ағымдағы жылы 8 бағдаршам мен ұзындығы 12 шақырым автожолдарда жарықтандыру бағандары орнатылды.*

Бұдан басқа, 2023 жылы қабылдануы жоспарланған, 2023-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі әзірленетін тұжырымдама аясында жалпыға ортақ пайдалымдағы автожолдарда жаяу жүргіншілер өткелдерін, бағдаршамдар мен жарықтандыруды орнату көзделетін болады.

Мәселен, келесі жылы Ақмола және Алматы облыстарының 3 жаяу жүргіншілер өткелін орнату, елді мекендер арқылы өтетін, барлық қарқынды учаскелерде 6 бағдаршам мен ұзақтығы 89 шақырым болатын жарықтандыруды бағандарын орнату жоспарланған.

Жалпы, жол қозғалысының қауіпсіздігі мен көлік инфрақұрылымының сапалы жағдайы мәселелері Үкіметтің ерекше бақылауында.

**Р. Скляр**



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

На № ДС-290 от 13 октября 2022 года

### Уважаемые депутаты!

Рассмотрев вышеуказанный запрос касательно последствий дорожно-транспортных происшествий (далее – ДТП) из-за плохого качества автодорог, сообщая следующее.

***По обустройству платных участков дорожными ограждениями для предотвращения выхода животных и пешеходов на проезжую часть.***

На сегодняшний день имеется 11 платных участков автодорог республиканского значения протяженностью 2 167 км, вдоль которых установлено 938 км сетчатого ограждения с целью предотвращения выхода животных на проезжую часть.

В текущем году ограждение устанавливается на наиболее опасных участках вблизи населенных пунктов общей протяженностью 262 км, в том числе платных участках «Астана-Павлодар», «Щучинск-Кокшетау» и «Шымкент-Кызылорда».

В 2023 году в рамках ремонтных работ на платных автодорогах планируется установить 1 150 км сетчатого ограждения.

Также, для исключения ДТП с участием пешеходов на интенсивных участках устроено 25 пешеходных переходов, из них 8 переходов завершены в текущем году в Алматинской и Туркестанской областях.

Кроме того, местными исполнительными органами совместно с территориальными подразделениями уполномоченного органа по безопасности дорожного движения ведется профилактическая работа с населением и владельцами крестьянских хозяйств в части разъяснения Правил выпаса домашних животных, принятия административных мер к собственникам животных согласно нормам Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

***По проведению анализа и мониторинга по категориям автодорог общего пользования, а также принятия соответствующих мер.***

На текущий момент протяженность участков автодорог I технической категории составляет 10,4 тыс. км или 11% от общей протяженности автодорог общего пользования (94,8 тыс. км).

С целью исключения аварийных участков по техническим параметрам за последние 10 лет реконструировано порядка 3 тыс. км автодорог с переводом с III в I техническую категорию, что снизило количество ДТП со встречным столкновением на 10%.

В рамках реконструкции основных транзитных коридоров продолжаются работы по переводу автодорог с III в I техническую категорию. Так, между городами Караганды-Алматы, Жезказган-Караганда, Атырау-Уральск, Актобе-Кызылорда и т.д. запланировано строительство автодорог с 4-х полосным движением.

***Касательно проведения работ по установке дорожных знаков, сигнальных столбиков, светофоров и т.д.***

В целях обеспечения дорожной безопасности на всех интенсивных участках, проходящие через населенные пункты, установлены соответствующие дорожные и предупредительные знаки. В рамках ремонтных работ автодорог по итогам обследований и проводимого анализа ДТП ежегодно устанавливаются освещения, транспортные и пешеходные светофоры.

*Справочно: В текущем году установлено 8 светофоров и освещения на автодорогах протяженностью 12 км.*

Кроме того, в рамках разрабатываемой Концепции по обеспечению общественной безопасности Республики Казахстан на 2023-2025 годы, которую планируется принять в 2023 году, предусмотрено устройство пешеходных переходов, светофоров и освещения на автодорогах общего пользования.

Так, в следующем году запланировано строительство 3-х пешеходных переходов в Акмолинской и Алматинской областях, установка 6 светофоров и освещения на всех интенсивных участках протяженностью 89 км, проходящие через населенные пункты.

В целом, вопросы безопасности дорожного движения и качественного состояния транспортной инфраструктуры находится на особом контроле Правительства.

**Р. Скляр**